3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, Департамент мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 050051, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 134.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаменттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын бағалау және мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын мемлекеттік бақылау салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту жөніндегі шараларды тұжырымдау;

2) мемлекеттік қызмет туралы және мемлекеттік көрсететін қызметтер туралы заңнаманы сақтау мәселелерін ұйымдастыруда орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) қызметін үйлестіру;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру және іске асыру;

4) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 13.08.2025 № 135 бұйрығымен.

14. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жасалатын мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша тексерістер өткізу, мемлекеттік органдармен келісім бойынша тексерістер өткізуге олардың қызметкерлерін тарту;

3) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша тексеру нәтижелерінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы өз құзыреті шегінде қаралуы міндетті ұсынулар енгізу;

3-1) Мемлекеттік органдарға өз құзыреті шегінде "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша бөлу мониторингінің қорытындылары бойынша ұсынымдар енгізу;

4) мемлекеттік қызмет туралы, мемлекеттік көрсететін қызметтер туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзушылықтар анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шаралар қабылдау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 31.03.2026 № 53 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) Департаментке жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпарат жүйелерімен пайдалану;

6) басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен Департамент қызметінің негізгі бағыты бойынша өзара іс-қимыл жасау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 21.08.2023 № 170 бұйрығымен.

15. Департаменттің функциялары:

1) мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруға қатысу;

2) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын бағалау, мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын мемлекеттік бақылау салаларында мемлекеттік саясатты іске асыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысу;

3) мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын бақылау салаларында нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

4) Департамент құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілерге және азаматтарға консультация беру;

5) мемлекеттік органдарда персоналды басқару тиімділігін және мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын бағалауды жүзеге асыру;

6) мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтер көрсету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат салаларында басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;

7) мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу, олардың әлеуметтік-құқықтық қорғалуы жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 31.03.2026 № 53 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) мемлекеттік қызмет персоналы жөніндегі автоматтандырылған бірыңғай дерекқорды (ақпараттық жүйені) қалыптастыру бойынша жалпы үйлестіруді қоса алғанда, мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілерінің кадр құрамы жай-күйінің, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің мемлекеттік саяси және әкімшілік лауазымдарының мониторингін жүргізу;

9) мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі, оның ішінде шетелдерде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

9-1) мемлекеттік органдардағы келісімшарттық қызметшілердің кадр құрамының жай-күйіне мониторинг жүргізу;

10) мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдардың мемлекеттік қызмет өткеруіне мониторингті жүзеге асыру;

10-1) мемлекеттік органдар құрылымдары мен штат кестелеріне, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтарына Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің басшы және атқарушы құрамының арақатынасын айқындау қағидаларына сәйкестігі тұрғысынан мониторинг жүргізу;

11) азаматтардың жеке қасиеттеріне бағалауды оның тиісті қорытындысының нәтижесін бере отырып жүргізу;

11-1) мемлекеттік органдардың "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын келісу;

12) сынақ мерзімінен өтпеген мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді қызметінен босатуды келісу;

13) тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы ұсынған ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қаланың, ауыл, кентінің, ауылдық округ әкімдеріне кандидаттардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қарау;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурс өткізілместен орналасуын келісу;

14-1) мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторингті жүзеге асыру, сондай-ақ оның қорытындысы бойынша тексеру жүргізу;

15) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, тікелей бағынысты

мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жергілікті мемлекеттік органдардың бірінші басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тартудың мониторингі;

16) мемлекеттік органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру жөніндегі қызметін үйлестіру;

17) мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы бұзу, қызметтік әдепті сақтау, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, хабарларын, сұрау салуларын, үн қосуларын, ұсыныстарын, оның ішінде шағымдарын қарау;

17-1) азаматтардың өтініштерде, сұрау салуларда, үн қосуларда және хабарламаларда көтеретін жүйелі проблемаларды қарау, талдау, мониторингтеу және анықтау;

18) мемлекеттік органдармен мемлекеттік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

19) Агенттіктің Алматы қаласындағы Әдеп жөніндегі кеңестің қызметін қамтамасыз ету, Әдеп жөніндегі кеңес қарайтын қызметтік тергеу жүргізу және тәртіптік істер бойынша материалдарды дайындау;

20) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік істерін қарау жөніндегі мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының жұмысын үйлестіру;

21) әдеп жөніндегі уәкілдің қызметін үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз ету;

22) персоналды басқару қызметтерінің (кадр қызметтерінің) қызметін үйлестіру және әдіснамалық басшылықты жүзеге асыру;

23) лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдарға олардың мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсететін қызметтер саласындағы заңнаманы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін бұза отырып қабылдаған шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныстар енгізу;

24) мемлекеттік органдарға өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша тексеру нәтижелерінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы қаралуға міндетті ұсынулар және мемлекеттік көрсететін қызметтер бойынша ұсынымдар енгізу;

25) жыл сайынғы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы ұлттық баяндаманың жобасы бойынша Агенттікке ұсыныстар енгізу;

26) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтыру және істерді қарау;

27) мемлекеттік органдардан мемлекеттік қызмет көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері туралы ақпаратты сұрату;

28) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, талдау және мониторингтеу негізінде оларды көрсету кезінде бұзушылықтардың алдын алуға және көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстар тұжырымдау;

29) мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

30) жеке адамдар мен коммерциялық емес ұйымдарға мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу бойынша ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсету;

31) мемлекеттік органдардың мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын функционалды блоктар бойынша бөлуін келісу;

32) жылына бір реттен артық емес "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын функционалды блоктар бойынша бөлулеріне мониторинг жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

33) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 31.03.2026 № 53 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33) "Е-қызмет" интеграцияланған ақпараттық жүйесінде мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметшілерінің электрондық жеке істерінің мониторингі;

34) "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс қатысушылармен әңгімелесуге, оның ішінде қашықтықтан бейнебайланыс құралдары арқылы қатысу;

35) мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселелері бойынша, оның ішінде мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін зерделей отырып, мониторинг пен талдау жүргізу;

35-1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңірлік кадр резервіне алынған адамдардың мемлекеттік қызмет өткеру мониторингін жүзеге асыру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

35-2) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 31.03.2026 № 53 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35-2) мемлекеттік қызмет персоналы жөніндегі автоматтандырылған дерекқорда (ақпараттық жүйеде) мемлекеттік қызметшілердің жеке істерін толтырудың сапасын мониторингтеу;

35-3) мемлекеттік саяси қызметшілер арасында міндеттерді (қызметтің функционалды бағыттарын) бөлуіне, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарына талдау жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

35-4) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 31.03.2026 № 53 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35-4) мемлекеттік органдардың мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдарында бірыңғай кадр жүйесін (ақпараттық жүйесін) қалыптастыру және енгізу;

35-5) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау";

35-6) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауды жүзеге асыру;

35-7) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша шығарылған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдарды мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің орындауына мониторинг жасау;

35-8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;

35-9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру және үйлестіру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту мәселелерінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметін үйлестіру;

35-10) квазимемлекеттік сектор субъектісінде әдіснамалық қолдау, оқыту іс-шараларын жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ақпарат алмасу шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын үйлестіру;

35-11) мемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалау ;

35-12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқу-ағартуды ұйымдастыру;

35-13) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін ұйымдастыру;

35-14) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау жөніндегі қызметін үйлестіру;

35-15) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру саласында білім беру бағдарламаларын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

35-16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбиелеу, ақпараттық және түсіндіру қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне жәрдемдесу және әдістемелік көмек көрсету;

35-17) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасау;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 21.08.2023 № 170; 21.08.2024 № 129; 13.08.2025 № 135 бұйрықтарымен.

3-тарау. Департамент басшысының қызметін атқару кезіндегі оның мәртебесі және өкілеттіктері

16. Департаментті басқаруды Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіліктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысын Агенттік төрағасының келісімі бойынша Агенттіктің аппарат басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Департамент басшысының Агенттіктің аппарат басшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 13.08.2025 № 135 бұйрығымен.

19. Департамент басшысының өкілеттіктері:

- 1) Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды;
- 2) Департамент жұмыскерлерінің өкілеттіктерін айқындайды;
- 3) өз өкілеттіктері шегінде Департамент жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің жұмыскерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің жұмыскерлеріне тәртіптік жазалар қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қарым-қатынастарда Департамент атынан өкілдік етеді;
- 7) өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Алып тасталды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 13.08.2025 № 135 бұйрығымен.

21. Департамент басшысының Департамент жанындағы консультативтік-кеңесші органдарды құруға құқығы бар.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

22. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда), Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

Департамент басшысы Департаменттің сеніп берілген мүлкіне жауаптылықта болады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруына немесе оған өзге де тәсілмен билік етуіне құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

25. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігі төрағасының
2022 жылғы 21 шілдедегі
№ 163 бұйрығына 20-қосымша

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті туралы

ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) белгіленген құзыреттілік шегінде мемлекеттік қызмет және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасының сақталуын бақылау салаларында іске асыру және бақылау функцияларын, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайтуды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) аумақтық органы болып табылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 13.08.2025 № 135 бұйрығымен.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, Департамент мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 060012, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Тәуке хан даңғылы, 3А.

9. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаменттің өкілеттілігі болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің мақсаттары, құқықтары мен міндеттері

13. Мақсаттары:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын бағалау және мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын мемлекеттік бақылау салаларында мемлекеттік саясатты іске асыру, сондай-ақ мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту жөніндегі шараларды тұжырымдау;

2) мемлекеттік қызмет туралы және мемлекеттік көрсететін қызметтер туралы заңнаманы сақтау мәселелерін ұйымдастыруда орталық мемлекеттік органдардың және

олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің, жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) қызметін үйлестіру;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру және іске асыру;

4) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 13.08.2025 № 135 бұйрығымен.

14. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, лауазымды адамдардан қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;

2) мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызмет көрсету сапасына жасалатын мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша тексерістер өткізу, мемлекеттік органдармен келісім бойынша тексерістер өткізуге олардың қызметкерлерін тарту;

3) мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша тексеру нәтижелерінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы өз құзыреті шегінде қаралуы міндетті ұсынулар енгізу;

3-1) Мемлекеттік органдарға өз құзыреті шегінде "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша бөлу мониторингінің қорытындылары бойынша ұсынымдар енгізу;

4) мемлекеттік қызмет туралы, мемлекеттік көрсететін қызметтер туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзушылықтар анықталған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте шаралар қабылдау;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 31.03.2026 № 53 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) Департаментке жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпарат жүйелерімен пайдалану;

6) басқа мемлекеттік органдармен, ұйымдармен Департамент қызметінің негізгі бағыты бойынша өзара іс-қимыл жасау;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 21.08.2023 № 170 бұйрығымен.

15. Департаменттің функциялары:

1) мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыруға қатысу;

2) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын бағалау, мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын мемлекеттік бақылау салаларында мемлекеттік саясатты іске асыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға қатысу;

3) мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын бақылау салаларында нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

4) Департамент құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік қызметшілерге және азаматтарға консультация беру;

5) мемлекеттік органдарда персоналды басқару тиімділігін және мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасын бағалауды жүзеге асыру;

6) мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтер көрсету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат салаларында басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу;

7) мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы төлеу, олардың әлеуметтік-құқықтық қорғалуы жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 31.03.2026 № 53 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8) мемлекеттік қызмет персоналы жөніндегі автоматтандырылған бірыңғай дерекқорды (ақпараттық жүйені) қалыптастыру бойынша жалпы үйлестіруді қоса алғанда, мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілерінің кадр құрамы жай-күйінің, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің мемлекеттік саяси және әкімшілік лауазымдарының мониторингін жүргізу;

9) мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі, оның ішінде шетелдерде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру;

9-1) мемлекеттік органдардағы келісімшарттық қызметшілердің кадр құрамының жай-күйіне мониторинг жүргізу;

10) мемлекеттік тапсырыс негізінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаған адамдардың мемлекеттік қызмет өткеруіне мониторингті жүзеге асыру;

10-1) мемлекеттік органдар құрылымдары мен штат кестелеріне, сондай-ақ лауазымдық нұсқаулықтарына Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің басшы және атқарушы құрамының арақатынасын айқындау қағидаларына сәйкестігі тұрғысынан мониторинг жүргізу;

11) азаматтардың жеке қасиеттеріне бағалауды оның тиісті қорытындысының нәтижесін бере отырып жүргізу;

11-1) мемлекеттік органдардың "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын келісу;

12) сынақ мерзімінен өтпеген мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді қызметінен босатуды келісу;

13) тиісті аудандық (қалалық) сайлау комиссиясы ұсынған ауданның, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қаланың, ауыл, кентінің, ауылдық округ әкімдеріне кандидаттардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қарау;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурс өткізілместен орналасуын келісу;

14-1) мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторингті жүзеге асыру, сондай-ақ оның қорытындысы бойынша тексеру жүргізу;

15) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, тікелей бағынысты мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жергілікті мемлекеттік органдардың бірінші басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тартудың мониторингі;

16) мемлекеттік органдардың мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру жөніндегі қызметін үйлестіру;

17) мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы бұзу, қызметтік әдепті сақтау, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын, хабарларын, сұрау салуларын, үн қосуларын, ұсыныстарын, оның ішінде шағымдарын қарау;

17-1) азаматтардың өтініштерде, сұрау салуларда, үн қосуларда және хабарламаларда көтеретін жүйелі проблемаларды қарау, талдау, мониторингтеу және анықтау;

18) мемлекеттік органдармен мемлекеттік қызмет саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

19) Агенттіктің Шымкент қаласындағы Әдеп жөніндегі кеңестің қызметін қамтамасыз ету, Әдеп жөніндегі кеңес қарайтын қызметтік тергеу жүргізу және тәртіптік істер бойынша материалдарды дайындау;

20) мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік істерін қарау жөніндегі мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының жұмысын үйлестіру;

21) әдеп жөніндегі уәкілдің қызметін үйлестіру және әдістемелік қамтамасыз ету;

22) персоналды басқару қызметтерінің (кадр қызметтерінің) қызметін үйлестіру және әдіснамалық басшылықты жүзеге асыру;

23) лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдарға олардың мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсететін қызметтер саласындағы заңнаманы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін бұза отырып қабылдаған шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныстар енгізу;

24) мемлекеттік органдарға өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша тексеру нәтижелерінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы қаралуға міндетті ұсынулар және мемлекеттік көрсететін қызметтер бойынша ұсынымдар енгізу;

25) жыл сайынғы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жағдайы туралы ұлттық баяндаманың жобасы бойынша Агенттікке ұсыныстар енгізу;

26) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар толтыру және істерді қарау;

27) мемлекеттік органдардан мемлекеттік қызмет көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері туралы ақпаратты сұрату;

28) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, талдау және мониторингтеу негізінде оларды көрсету кезінде бұзушылықтардың алдын алуға және көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстар тұжырымдау;

29) мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

30) жеке адамдар мен коммерциялық емес ұйымдарға мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасына қоғамдық мониторинг жүргізу бойынша ақпараттық, консультативтік, әдістемелік қолдау көрсету;

31) мемлекеттік органдардың мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша бөлуін келісу;

32) жылына бір реттен артық емес "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарын функционалдық блоктар бойынша бөлулеріне мониторинг жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

33) тармақша жана редакцияда көзделген – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 31.03.2026 № 53 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33) "Е-қызмет" интеграцияланған ақпараттық жүйесінде мемлекеттік органдар мемлекеттік қызметшілерінің электрондық жеке істерінің мониторингі;

34) "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс қатысушылармен әңгімелесуге, оның ішінде қашықтықтан бейнебайланыс құралдары арқылы қатысу;

35) мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту мәселелері бойынша, оның ішінде мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін зерделей отырып, мониторинг пен талдау жүргізу;

35-1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңірлік кадр резервіне алынған адамдардың мемлекеттік қызмет өткеру мониторингін жүзеге асыру;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

35-2) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 31.03.2026 № 53 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35-2) мемлекеттік қызмет персоналы жөніндегі автоматтандырылған дерекқорда (ақпараттық жүйеде) мемлекеттік қызметшілердің жеке істерін толтырудың сапасын мониторингтеу;

35-3) мемлекеттік саяси қызметшілер арасында міндеттерді (қызметтің функционалдық бағыттарын) бөлуіне, мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарына талдау жүргізу;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

35-4) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 31.03.2026 № 53 (11.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35-4) мемлекеттік органдардың мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын ведомстволық бағынысты ұйымдарында бірыңғай кадр жүйесін (ақпараттық жүйесін) қалыптастыру және енгізу;

35-5) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау";

35-6) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдауды жүзеге асыру;

35-7) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойынша шығарылған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдарды мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің орындауына мониторинг жасау;

35-8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу;

35-9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру және үйлестіру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды барынша азайту мәселелерінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметін үйлестіру;

35-10) квазимемлекеттік сектор субъектісінде әдіснамалық қолдау, оқыту іс-шараларын жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ақпарат алмасу шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің жұмысын үйлестіру;

35-11) мемлекеттік және жеке секторлардағы сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалау ;

35-12) сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқу-ағартуды ұйымдастыру;

35-13) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін ұйымдастыру;

35-14) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау жөніндегі қызметін үйлестіру;

35-15) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру саласында білім беру бағдарламаларын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау;

35-16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру мен тәрбиелеу, ақпараттық және түсіндіру қызметі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыруда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне жәрдемдесу және әдістемелік көмек көрсету;

35-17) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимыл жасау;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 21.08.2023 № 170; 21.08.2024 № 129; 13.08.2025 № 135 бұйрықтарымен.

3-тарау. Департамент басшысының қызметін атқару кезіндегі оның мәртебесі және өкілеттіктері

16. Департаментті басқаруды Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өкілеттіліктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысын Агенттік төрағасының келісімі бойынша Агенттіктің аппарат басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Департамент басшысының Агенттіктің аппарат басшысы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 13.08.2025 № 135 бұйрығымен.

19. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды;

- 2) Департамент жұмыскерлерінің өкілеттіктерін айқындайды;
- 3) өз өкілеттіктері шегінде Департамент жұмыскерлерінің орындауы үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің жұмыскерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің жұмыскерлеріне тәртіптік жазалар қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен қарым-қатынастарда Департамент атынан өкілдік етеді;
- 7) өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Департамент басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

20. Алып тасталды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 13.08.2025 № 135 бұйрығымен.

21. Департамент басшысының Департамент жанындағы консультативтік-кеңесші органдарды құруға құқығы бар.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

22. Департаменттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департаменттің мүлкі мемлекет берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда), Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

Департамент басшысы Департаменттің сеніп берілген мүлкіне жауаптылықта болады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруына немесе оған өзге де тәсілмен билік етуіне құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

25. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің күші жойылуға жататын бұйрықтарының тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық органдары туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2019 жылғы 25 шілдедегі № 136 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 7 шілдедегі № 118 бұйрығы.

2. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық органдары туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2019 жылғы 25 шілдедегі № 136 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 26 қазандағы № 185 бұйрығы.

3. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық органдары туралы ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2019 жылғы 25 шілдедегі № 136 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 22 ақпандағы № 46 бұйрығы.